

**Жастар ісі жөніндегі комитетінің
2023-2024 оқу жылындағы жоспарға сәйкес
атқарылған жұмыстарының нәтижесі**



Жастар ісі жөніндегі комитетінің 2023-2024 оқу жылындағы жоспарға сәйкес атқарылған жұмыстарының нәтижесі

Міндеттері:

- Жастардың дамуы мен әлеуметтік көмек көрсету үшін жағдай жасау;
- Жастар арасында салауатты өмір салтын қалыптастыру және олардың денсаулығын нығайту;
- Жастар ортасында патриотизмді дамыту;

Мақсаты:

- Колледж студенттері арасында құқық бұзушылық фактілерін алдын-алу мақсатында іс-шаралар кешенін жүргізу;
- Студенттер арасында өзара татулық пен келісімді орнықтыруға бағытталған ымыраластық көңіл күй орнату;
- Студенттерді оқу-тәрбие үдерісіне белсенді түрде араласуға тартып, әр түрлі мәдени ағартушылық іс-шаралар өткізуге ынталандыру;
- Студенттердің ғылыми танымдық ой-өрістерін дамыту мақсатында пәндік және тақырыптық олимпиадалар, ғылыми практикалық конференциялар ұйымдастыру;
- Түрлі бағыттағы байқаулар, конкурстар мен фестивальдар ұйымдастыру;

Бағыттары:

- Қоғаммен байланыс
- Жастар одағы
- Спорт
- Колледж озат жастарымен бірігіп жоспар бойынша атқарылатын іс – шараларды талқылау, дайындық жүргізу, ұйымдастыру;

Жастар ісі жөніндегі комитетінің 2023-2024 оқу жылының жұмыс есебі

Жастар ісі жөніндегі комитетінің 2022 – 2023 оқу жылға арналған іс-шара жоспары колледж директорымен бекітілді. Жасалынған жұмыс жоспары барысында 1-4 курс студенттерімен өткізілген іс-шара туралы мәлімет алынды.

Колледжде түрлі үйірмелер жұмыс жасайды. Атап айтатын болсақ «Киелі саз» домбыра үйірмесі, «Студенттер Альянсы», «Студенттер Парламенты», «Саналы ұрпақ», «Глобал» пікір сайыс клубы, «Жас сарбаз» және түрлі спорттық секциялар.


№	Ұйымдар	Жетекшісі	Мүшелерінің саны
1	Студенттік парламент	Қыпшақова Сағыныш Нұрымжанқызы	75
2	Қазақстан студенттерінің Альянсы	Қасымханова Нұрай	60
3	«Global» пікір-сайыс клубы	Меруерт Жаңабекқызы	45
4	Жас сарбаз	Сұлтанбекова Ұлбала	200
5	Жастар Рухы ЖҚ ұйымы	Әсафи Азамат Балтабайұлы	65

Бекітілген жұмыс жоспары бойынша төмендегі іс-шаралар өткізілді. 1-қыркүйек білім күніне «Қош келдің талапкер» атты салтанаты жиын өткізілді.

Қазан айының 9 жұлдызында Қызылорда медициналық жоғары колледжінде "Amanat" партиясының жанынан құрылған "Жастар Рухы" Жастар қанаты ҚОФ төрағасымен студент жастар кездесуі өткізілді. Кездесуде жастарды қоғамдық өмірге бейімдеу, Мемлекет басшысы Қ. К. Тоқаевтың кезекті халыққа жолдауы және ұйым жұмысын ақпараттандыру бойынша түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Оқу орнының бөлімше жетекшілігіне Әсафи Азаматтың кандидатурасы ұсынылып, бірауыздан қолдау тапты. Кездесу соңында колледжіміздің белсенді студенті Бериков Елжанды Аманат партиясының “Алғыс хатымен” марапаттады.



Қыркүйектің 21 жұлдызында Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Т. Дүйсенованың Еңбек күнін мерекелеу мақсатында «Еңбек адамы» атты тақырыбында колледжіміздің ардақты дәрігер ұстазы Нәйля Қалмұрзақзынан алған сұхбатымыз барлығына қызықты болды. Жастар мен жалпы қоғам арасында адалдықты, этиканы және адал еңбекті насихаттау және ынталандыру.



Қызылорда медициналық жоғары колледжінде қараша айының 6-7-8 күндері "СТУДЕНТТАР ҚАТАРЫНА ҚАБЫЛДАУ" іс-шарасы өтті.

Жыл сайын дәстүрге айналған мерекелік айтулы шарада оқу орнымыздың басшысы Тасмағанбетова Салтанат Сейтқалиқызы сөз алып, студенттерді осынау тарихи күнмен құттықтады! Қаламыздың 85 жылдық мерейтойы қарсаңында оқу орындар арасында өткен карнавалда Қызылорда медициналық жоғары колледжі жүлделі 1 орынға ие болды. Карнавалға қатысқан белсенді студенттеріміз арнайы алғыс хатпен сонымен қатар, қаржылай сыйақымен марапатталды.

Студенттеріміз ұрпақтан ұрпаққа берілетін ант қабылдау рәсіміне қатысып, өз оқытушылары мен өздерінен үлкен студенттер алдында салтанатты түрде ант қабылдады. Білім кілті тапсырылып, сынақ кітапшасы мен студенттік билет табысталды. Шарамыз концерттік бағдарламамен жалғасын тапты.

3 күнге созылған мерекелік іс-шара өз мәресіне жетті. Оқу орнымыздың 1000-нан астам 1 курс студенттері шараға қатысты. Осынау үлкен көлемдегі іс-шарамыз абыроймен аяқталды.



Қазан айының 7 жұлдызында колледжіміздің Жастар комитеті мен белсенді студенттерінің ұйымдастыруымен «Ұстаздық еткен жалықпас,

үйретуден балаға!» атты мерекелік кеш болып өтті. Белсенді студенттеріміз ұстаздарға көрініс қойып, өз өнерлерін көрсетті.

Студенттер Парламенті және Студенттер Альянсының көшбасшылары ұстаздарға ән айтып жылы лебіздерін білдірді. Кеш соңы әсем әнмен аяқталды.



Қазан айының 13 жұлдызында 1, 2 курс білім алушыларына «Қылмыс пен құқық бұзушылық» тақырыбында түсіндіру ақпараттық жұмыстар жүргізілді. Колледж психологы А.Ж.Жәрімбетова құқық бұзушылықтың нашақорлық пен лудаманияның алдын алу мәселелері туралы айта келе құқықтық сауаттылық пен құқықтық мәдениетті арттыру өте маңызды екендігін ескертті. Сондай ақ жастардың түн мезгілінде көшеде, әсіресе ойын-сауық орталықтарында жүрмеуі, жол жүру ережелерін сақтауы т.б мәселелеріне тоқталды

ЖАСӨСПІРІМДЕР ТӘРБИЕСІ - ЖІТІ НАЗАРДА!

«Жасөспірімдердің тәрбиесі мен білімі және жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықты алдын алу» тақырыбында 2023 жылдың қазан айында колледждің оқытушыларына есірткінің жасөспірімдердің ағзасына зияндылығы, құқықтық салдары және оларды есірткі курьері ретінде тартудың тәсілдері туралы мемлекеттік тілде дайындалған «Құқық бұзушылықтың алдын алуды күшейту мақсатында есірткінің заңсыз айналымына қатысты», «Синтетикалық есірткінің таралуы және дәріханалық нашақорлық проблемалары туралы» бейнероликтер көрсетілімі ұйымдастырылып, түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Есірткіге жол жоқ

«Есірткіге жол жоқ» тақырыбында 2023 жылдың қыркүйек-желтоқсан айларында Қызылорда облыстық білім басқармасының және Қызылорда облыстық полиция департаментінің ЕҚКҚ басқармасының тапсырмасы бойынша колледждің 1-2 курс білім алушыларына есірткінің жасөспірімдердің ағзасына зияндылығы, құқықтық салдары және оларды

есірткі курьері ретінде тартудың тәсілдері туралы мемлекеттік тілде дайындалған бейнедәріс көрсетіліп, тусіндірме жұмыстарын жүргізілді.

«Бала саулығы - бәрінен маңызды» дебат турнирі

Қарашаның 18 жұлдызында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті нығайту іс-шара жоспарына сәйкес, «Бала саулығы – бәрінен маңызды» тақырыбында студенттер арасында дебат турнирі болып өтті. Дебат турнирінің негізгі мақсаты – дені сау, ұлттық сана-сезімі оянған, рухани ойлау дәрежесі биік, мәдениетті, парасатты, ар-ожданы мол, еңбекқор, білімді азаматты тәрбиелеу. Турнирге қатысқан фракциялар құрамындағы студенттер:

1 орын: "Алаш" фракциясы

1 спикер Абилгазим Альбина

2 спикер Есенов Нұрәлі

2 орын: "Океан" фракциясы

1 спикер Балабекова Роза

2 спикер Абдикаев Қуаныш

3 орын: "Гиппократ" фракциясы

1 спикер Серікбайқызы Нұрсая

2 спикер Қалжан Қасиет

«Үздік спикер» номинациясымен Абилгазим Альбина марапатталды.

Турнирге қатысқан студенттер бала саулығы, өмірі бойынша өз ойларын ашық, сауатты жеткізе білді.



Қарашаның 20 жұлдызында колледжімізде «Студенттік қызық мол жылдар» тақырыбында концерт өткізілді. Ұйымдастырушылар Жастар рухы ұйымының төрағасы: Ә.А.Балтабайұлы, колледж белсенділері.



Қызылорда медициналық жоғары колледжінде «Лудомания» тақырыбында 1-3 курс білім алушыларымен түсіндірме жұмысы жүргізілді. Колледждің «Информатика» пән оқытушысы С.Есенгалина қатысты. Кездесу барысында қоғамда орын алып Лудомания ойынкұмарлық, азарттық ойынға берілу, компьютерлік ойындардың алдын алу мақсатында өткізілді.

Жасөспірімдер арасында белең алып отырған қауіптен сақтану жолдары айтылып, кеңестер ұсынылды.Лудоманияға терең тоқталып – бұл белең алып баражатқан дерт екені туралы сөз қозғалды. Ойынкұмарлық арты үлкен шығындар және әртүрлі келеңсіз жағдайлар тудыртуы туралы ақпараттар берілді. Осы ақпарат туралы бейнеролик, слайдтар көрсетіліп, сұрақ-жауап түрінде ашық өтті. Одан құтылудың жолдары және кеңестер берілді.



Қарашаның 23 жұлдызында Қызылорда медициналық жоғары колледжінде студенттер мерекесіне орай «Мерекеңмен , студент» атты студенттерге арналған мерекелік шара өткізілді. 101топтың студенттері «Студенттік ритуал» видеоролик бастап, негізгі ойды видеомен жеткізді. Белсенді студенттер әзілді көріністер көрсетіп, би,әндер айтып, өз өнерлерін көрсетті.



Желтоқсанның 5 жұлдызында Қызылорда медициналық жоғары колледжінде «Цифрлық сауаттылық күні» тақырыбында түсіндірме шарасы өткізілді. ҚР мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің бас мамандары Арынова З.С, Тлепбаева Д.Н. Азаматтарға арналған үкімет Сералы Қ, Берік Б қатысты. Кездесу барысында «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Қызылорда облысы бойынша филиалымен бірлесіп, облыс көлемінде жоғары колледж студенттеріне электрондық үкімет порталы арқылы онлайн қызметтерді алу және ұялы телефон арқылы «eGov mobile» мобильдік қосымшасымен мемлекеттік қызметтерді алу бойынша айтылды.





7 желтоқсан күні сағат 15:00 де «Medicalvibe» тақырыбындағы Жайдарман байқауы өткізілді. Жайдарман ойындарын насихаттай отырып, колледж студенттерінің арасынан құрылған командалар шықты. Байқау үш кезеңнен тұрды. Қызылорда облыстық «Жастар рухы» Жастар қанаты ұйымының төрағасы :Әсетхан Баймұрза Қазиханұлы. Қызылорда облысының Жайдарман филиалының

директоры: Тәкісбай Руслан Сұлтанбекұлы төрешілікке келді.



Қарашаның 23 жұлдызында Қызылорда медициналық жоғары колледжінде студенттер мерекесіне орай «Мерекенмен , студент» атты студенттерге арналған мерекелік шара өткізілді. 101 топтың студенттері «Студенттік ритуал» видеоролик бастап, негізгі ойды видеомен жеткізді. Белсенді студенттер әзілді көріністер көрсетіп, би, әндер айтып, өз өнерлерін көрсетті.



ЖАСӨСПІРІМДЕР ТӘРБИЕСІ -ЖІТІ НАЗАРДА!

«Жасөспірімдердің тәрбиесі мен білімі және жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықты алдын алу» тақырыбында 2023 жылдың колледждің оқытушыларына есірткінің жасөспірімдердің ағзасына зияндылығы, құқықтық салдары және оларды есірткі курьері ретінде тартудың тәсілдері туралы мемлекеттік тілде дайындалған «Құқық бұзушылықтың алдын алуды күшейту мақсатында есірткінің заңсыз айналымына қатысты», «Синтетикалық есірткінің таралуы және дәріханалық нашақорлық проблемалары туралы» бейнероликтер көрсетілімі ұйымдастырылып, түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

ЖАҢА ЖЫЛ МЕРЕКЕСІНЕ АРНАЛҒАН СТУДЕНТТЕР КОНЦЕРТІ ӨТТІ

Қызылорда медициналық жоғары колледжінде «Жаңа жыл -2024» кеші өткізілді. Жаңа жыл кешінің ашылуымен басталды. Жаңа жыл кешіне 1 курс студенттері қатысты. 27 желтоқсан күні қатысқан топтар Е-21, Е-132, Е-51, Е-56, Е-57, Е-64, Е-65, Е-66, Е-87, Е-125, Е-79, Д-116. 28 желтоқсан қатысқан топтар М-23, М-95, М-113, М-114, М-127, М-128, Е-120, Е-121, Е-122, Д-24, Д-117, Д-129. Жаңа жылдық бағдарлама 4 кезеңнен тұрды. Жаңа жылдық қабырға

газеті, концерттік бағдарлама, жаңа жылдық карнавалдық костюм және жыл он екі айдың маскасын киіп келу. Әр топтан үздік қабырға газеті, үздік музыкалық номер, үздік карнавальдық костюм киген студенттерге сыйлық беріп, дипломмен марапатталды. Жүргізушілер ойындар ойнатып, белсенді студенттер ән айтып өнерлерін көрсетті. Жақсы көңіл күймен жаңа жылдық кешті аяқтады.

